

2009 жылға қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерін, ұйымдардың, мекемелердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы № 4 қаулысы. Ақмола облысы Зеренді ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 2 ақпанда № 1-14-94 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 16 наурыздағы № 83 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2010.03.16 № 83 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31,37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7, 20 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес және Зеренді ауданы әкімдігінің жанындағы кәсіпкерлік мәселелер жөніндегі Сараптау кеңесінің 2009 жылғы 5 қаңтардағы №2 хаттамасы, берілген өтінімдер негізінде, тұрақты жұмыс орнын іздеуде қиыншылық көріп жүрген жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылға қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерін, ұйымдардың, мекемелердің қоса берілген тізбесі бекітілсін.

2. Ақылы қоғамдық жұмыстарға тартылған жұмыссыздардың нақты орындалған жұмыс үшін еңбекақылары ұйымда немесе мекемеде белгіленген кесімді баға бойынша 2009 жылға белгіленген минималдық айлық ақыдан төмен емес көлемінде жергілікті бюджеттің қаражаттарынан төленсін.

3. Зеренді ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (З.Б.Қазияқпарова) жұмыссыздарды ақылы қоғамдық жұмыстарға келісімдері бойынша оларды өткізуге аудан бюджетінде 2009 жылға көзделген қаражат шегінде бағыттауды жүзеге асырсын.

4. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің аймақтық тізілімінде № 1-14-76 тіркелген, аудандық «Бірлік - Единство» газетінде 2008 жылғы 27 ақпанда жарияланған, Зеренді ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 6 ақпандағы № 49 «2008 жылға қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерін, ұйымдардың, мекемелердің тізбесін бекіту туралы» қаулысының

күші жойылған деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
Ә.А.Таласбаеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы 2009 жылдың 1 қаңтарынан бері пайда болған құқық
қатынастарына таралады.

7. Осы қаулы Зеренді ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік
тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап
әрекетке енгізіледі.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы Қ.Тоқтасин
КЕЛІСІЛДІ:

Зеренді аудандық
сотының төрағасы Ахметов Ж.Б.

Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімнің
бастығы Бражанов Т.Ә.

Зеренді аймағы
бойынша ауданаралық
қаржы полициясы
бөлімінің бастығы Жанашев С.Ғ.

Зеренді ауданының прокуроры,
әділет кеңесшісі Салимов А.А.
Әділет басқармасының бастығы Ж.М.Қалабаев.

Зеренді аудандық
ішкі істер
бөлімінің бастығы Шәріпов Е.Р.

Б Е К І Т І Л Д І

Зеренді ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 9 қаңтардағы
№ 4 «2009 жылға қоғамдық
жұмыстардың түрлері мен
көлемдерін, ұйымдардың,
мекемелердің тізбесін
бекіту туралы» қаулысымен

**Қоғамдық жұмыстар мен көлемдерінің, ұйымдардың, мекемелердің
тізбесі**

--	--	--	--	--	--	--

№	Ұйымның, мекеменің атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен жағдайлары	Адамдар саны	Жұмыс- тардың ұзақтығы (айлар)	Жалақы көлемі (мың теңге)	Қаржылан- дыру көздері
1	Зеренді селолық округі әкімінің аппараты	1. Аулалық аралау және халық санағын жүргізу	6	2	161,6	Жергілікті бюджет
		2. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	17	2	431,2	
		3. Халық пен жұмыс берушілерге әлеуметтік сауалнама өткізу	1	3	40,0	
		4. Аймақты экологиялық сауықтыру (көгалдандыру мен абаттандыру)	21	4	107,9	
		Барлығы	26		740,5	
2	Чаглинка селолық округі әкімінің аппараты	1. Аулалық аралау және халық санағын жүргізу	2	1,5	40,6	Жергілікті бюджет
		2. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	4	3	161,4	
		Барлығы	6		202,0	
3	Алексеевка кенті әкімінің аппараты	1. Аулалық аралау және халық санағын жүргізу	1	2	27,0	Жергілікті бюджет
		2. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	3	3	121,2	
		Барлығы	4		148,2	
4	Симферополь селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	2	3	121,2	Жергілікті бюджет
5	Қонысбай селолық округі әкімінің аппараты	1. Аулалық аралау және халық санағын жүргізу	2	2	53,9	Жергілікті бюджет
		2. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	3	3	121,3	
		Барлығы	5		175,2	
6	Бірлестік кенті әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	2	3	80,8	Жергілікті бюджет
7	Ақкөл селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	4	3	161,6	Жергілікті бюджет
8	Ортақ селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	2	3	80,8	Жергілікті бюджет

9	Самарбай селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	4	3	161,6	Жергілікті бюджет
10	Бұлақ селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	4	3	161,6	Жергілікті бюджет
11	Сарыөзек селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	2	3	80,8	Жергілікті бюджет
12	Күсеп селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	4	3	161,6	Жергілікті бюджет
13	Викторовка селолық округі әкімінің аппараты	1. Аулалық аралау және халық санағын жүргізу	2	1	27,0	Жергілікті бюджет
		2. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	4	3	161,6	
		Барлығы	6		188,6	
14	Пухальск селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	4	3	161,6	Жергілікті бюджет
15	Қанай би атындағы селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	3	3	121,2	Жергілікті бюджет
16	Қызылегіс селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	3	3	121,2	Жергілікті бюджет
17	Қазоты селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	3	3	121,2	Жергілікті бюджет
18	Троицк селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	3	3	121,2	Жергілікті бюджет
19	Бәйтерек селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	2	3	80,8	Жергілікті бюджет
20	Приречен селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	4	3	161,6	Жергілікті бюджет
21	Садовый селолық округі әкімінің аппараты	1. Аулалық аралау және халық санағын жүргізу	1	2	27,0	Жергілікті бюджет
		1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	3	3	121,2	
		Барлығы	4		148,2	
22	С.Сейфуллин атындағы селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	3	3	121,2	Жергілікті бюджет

23	Қызылсая селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	3	3	121,2	Жергілікті бюджет
24	Исаковка селолық округі әкімінің аппараты	1. Ауыл аумағын тазалауда көмек көрсету	2	3	80,8	Жергілікті бюджет
25	Қорғаныс істері жөніндегі бөлім	1. Шақырылу және шақырту комиссиясы кезеңінде көмек көрсету	2	4,5	121,2	Жергілікті бюджет
26	Ауыл шаруашылығы бөлімі	1. Зертханалық анализдерді өткізуде көмек көрсету	1	4	54,0	Жергілікті бюджет
27	Зеренді ауданының Әділет басқармасы	1. Аймақтық шараларды өткізуде көмек көрсету	2	6	161,2	Жергілікті бюджет
28	Зеренді ауданының ішкі істер бөлімі	1. Құқық қорғау органдарындағы профилактикалық жұмыстар	4	6	323,3	Жергілікті бюджет
29	Прокуратура	1. Құқық қорғау органдарындағы профилактикалық жұмыстар	2	6	161,6	Жергілікті бюджет
30	Зеренді аудандық соты	1. Құқық қорғау органдарындағы профилактикалық жұмыстар	2	6	161,6	Жергілікті бюджет
31	Зеренді аймағы бойынша ауданаралық қаржы полициясының бөлімі	1. Құқық қорғау органдарындағы профилактикалық жұмыстар	2	6	161,6	Жергілікті бюджет
32	Зеренді ауданының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыру	1	6	81600	Жергілікті бюджет
33	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің Ақмола облысы бойынша «Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» аймақтық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Резервтік көшірмелер құру, деректерді мұрағаттау	1	1		Жергілікті бюджет

	ның Зеренді филиалы				81600	
34	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің «Қазақавтожол» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақмола облыстық филиалы	Қоқысты тазалау, екпе ағаштарын күту	6	3	255800	Жергілікті бюджет
Банк қызметтері		15,0				
Барлығы		123	5404,0			

Ескерту. Тізбе толықтырылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2009.11.19 № 366 қаулысымен

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ